



ШЕШІМ

29.03.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 159/20-VIII

№

город Астана

«Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1124 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған шешімнің қосымшасында преамбуласы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«Осы Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 18-бабының 22) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11-баптарына сәйкес әзірленді.»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов